

# Дәрігерлік-еңбекті сараптаудың жалпы принциптері

Лектор: м.ғ.к.  
**Әділғожина Салтанат  
Муратбекқызы**

- 1. Дәрігерлік-еңбекті сараптау туралы ұғым.**
- 2. Сараптаудың медициналық және әлеуметтік белгілері.**
- 3. Уақытша еңбекке жарамсыздық.**
- 4. Уақытша еңбекке жарамсыздықты дәлелдейтін негізгі құжаттар.**
- 5. Аурухана парағы, оның қызметі, толтырылу ережесі, аурухана парағын беру кезіндегі дәрігердің жауапкершілігі. Емдеу-алдын алу мекемелерінде аурухана парағын берудің реттілігі.**
- 6. Әр-түрлі жағдайлар кезінде уақытша еңбекке жарамсыздықтың мерзімі.**
- 7. Әр түрлі аурулар кезінде уақытша еңбекке жарамсыздықтың болжама мерзімі.**
- 8. Еңбекке жарамсыздықты тұрақты сараптау.**
- 9. Еңбекке жарамсыздықтың тұрақты түрлері.**

# Дәрігерлік-еңбектік сараптама (ДЕС):

мемлекеттің әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік алдын-алу мақсатындағы шығарылған заңдылықтары бойынша белгілі ауруы, жарақаты, анатомиялық деффекті, жүктілігі, т.б. себептері бар адамның жұмысқа қабілеттілігін зерттейтін медицина бөлімі.

## **ДЕС-негізгі мақсаты:**

ғылыми негізделген түрде адамның еңбекке қабілеттілігін анықтау.

## **Зерттеу объекті:**

науқас адамның еңбек ету қабілеттілігі

## **Еңбекке қабілеттілік:**

жұмысшыға өзінің денсаулығына зиян келтірмей, жұмысы нәтижелі болатындай мүмкіндік беретін ағзаның физикалық және рухани жағдайы.

## **Еңбекке жарамсыздық:**

жұмысын толық немесе жартылай, тұрақты немесе белгілі уақыт ішінде орындау мүмкіндік бермейтін, жарақатпен, аурумен шақырылған жағдай.

# **ДЕС қызметтерінің бағытталған мақсаттары:**

- 1. денсаулықты және еңбекке  
қабілетті максимальды ұзақ  
сақтау**
- 2. аурудың алдын-алу**
- 3. еңбекке жарамсыздықтың  
деңгейін төмендету**
- 4. мүгедектіктің деңгейін төмендету**

# ДЕС ұйымдастыру принциптері:

**1 принцип** – мемлекеттік мінездеме, яғни еңбекке жарамсыздық сұрақтарын қарастырып, оларды шешетін біркелкі мемлекеттік мекемелер бар. Олар ДЕС сұрақтарын заңдық және инструкциялық үкім негізінде орындайды.

**2 принцип**- профилактикалық жолдама (алдын алу бағыт). ДЕС негізгі мақсаты - еңбекке жарамдылықты тез қалпына келтіру, еңбекке жарамсыздықтың алдын-алу және мүгедектікті болдырмау.

**3-принцип** – еңбекке жарамдылықты сараптаудың барлық сұрақтарын ұжыммен келісіп шешу. Бұл бірнеше мамандардың қатысуымен орындалады.



ДЕС барлық мүшелерінің қызметі нормативті заңшығарушы және инструктивті құжаттармен бекітілген.

## **ДЕС әрекетін анықтайтын соңғы құжаттар:**

1. ҚР Денсаулық сақтау агенттігінің 2000жылдың 29 желтоқсанында қабылданған **№859 бұйрық**: «Азаматтарға уақытша еңбекке жарамсыздық парағын және уақытша еңбекке жарамсыздық анықтамасын беру ережелері»,
2. ҚР Үкіметінің 2005 жылдың 20 шілдесінде шығарылған **№750 үкімі**.

# «Медико-әлеуметтік сараптауды өткізу ережелері»

- Инструктивті және заң шығарушы құжаттар ДЕС негізгі мақсаттарын белгілейді.
- Емдік-алдын алу мекемелер уақытша еңбекке жарамсыздық экспертизасы, мүгедектікке көріністері жоқ бірақ еңбек жағдайын жақсартуды қажет ететін адамдарды жұмысқа орналастыру, еңбекке тұрақты жарамсыздық белгілерін анықтап, медико-әлеуметтік сараптау комиссияға мүгедектік тобын анықтау мақсатында жолдама беру жұмыстарын орындайды.

# **Еңбекке жарамдылықты сараптамасын орындайтын мүшелер:**

- емдеуші дәрігер
- дәрігерлік-кеңестік комиссия (ДКК)
- медико-әлеуметтік эксперттік комиссия.

# Дәрігерлік-кеңестік комиссия қызметтері:

1. Кеңестік (эксперттік даулы сұрақтары бойынша кеңес беру);
2. Ауруханалық парақты беру және мерзімін ұзарту мәнділігін бақылау; МӘЭК-ке жолдама (Ф.088-у) беру; ДКК қорытындысы бойынша еңбекке орналастыру  
Әртүрлі сұрақтар бойынша ДКК қорытындыларын беру

# Ауруханалық паракты беру және мерзімін ұзарту:

1. денсаулық сақтау бөлімінің келісуімен басқа қалада арнайы емделуі үшін;
2. санаторлы-курортты емге демалыс беру үшін;
3. жанұядағы ауру адамды күту бойынша;
4. туберкулез және мамандық ауру жағдайында басқа жұмыс орнына уақытша ауысу керек болғанда-қосымша төленетін ауруханалық паракпен.

## **ДКК қорытындысы бойынша еңбекке орналастыру:**

1. жартылай уақытша еңбекке жарамсыздықпен;
2. МӘЭК-ке жолдама немесе ауруханалық парақ беруге мүмкіндік бере алмайтын тұрақты түрде еңбекке жарамсыздығы болса;
3. Карантин және бактериотасымалдаушылық болса;
4. Жұқпалы ауру анықталған тағам сататын, дайындайтын, өңдейтін орындарда жұмыс істейтіндерге.

## **Әртүрлі сұрақтар бойынша ДКК қорытындыларын беру:**

1. Академиялық демалыс беру қажеттілігі туғанда;
2. Ауыстырушы, мемлекеттік емтихандардан, мектеп оқушыларын босату үшін;
3. Қосымша және бөлек тұрғын үй беруге және құқықтарын растау үшін;
4. Кішкентайынан 16 жасқа дейін балаларға мүгедектік беру үшін.

Дәрігерлік-емдік экспертизаның негізгі мақсатын ұмытпаған жөн: аурудың жағымсыз динамикасын болдырмау, белсенді өмір сүру периодын ұзарту.

**Еңбекке жарамсыздықты бағалайтын белгілер (критерийлер):**

1. медициналық
2. әлеуметтік



# Негізгі медициналық белгілер:

Диагноз

Ауру фазасы

Ауру ағымының ауырлығы

Асқынулардың бар жоқтығы

Өршу жиілігімен ұзақтығы

Маңызды ағза жүйелерінің  
функциональды жетіспеушілік дәрежесі

Ауру ағымы

Ауру болжамы

# Негізгі әлеуметтік белгілер:

Науқастың жасы

Науқастың мамандығы

Жұмыс орны, денсаулыққа қауіп  
факторларының болуы

Білім деңгейі

# Уақытша еңбекке жарамсыздық (УЕЖ):

жарақатпен немесе аурумен белгіленген жағдай әсерінен мамандығына байланысты жұмысты қалыпты-өндірістік ортада белгілі уақыт аралығында орындай алмауына әкелетін функцияларының бұзылуымен сипатталатын ағза жағдайы.

## УЕЖ түрлері:

**1. Толық еңбекке жарамсыздық** - белгілі уақыт аралығында кез-келген жұмысты орындай алмау, және арнайы режим мен емді қажет ету.

**2. Жартылай еңбекке жарамсыздық-өз жұмысын орындай алмаса да, басқа жеңіл жұмысқа қабілеттілігінің сақталуы.**

# УЕЖ растайтын құжаттар:

Еңбекке жарамсыздық парағы (ауруханалық парақ)

Уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтамасы еңбекке жарамсыздығын растайтын, сабақтан, жұмыстан босатуға негіз болатын құжат.

Тұрмыстық жарақатқа, операцияға, абортқа байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама-095-1/у  
учетты форма.

Масаюға улануға байланысты пайда болған ауру кезінде уақытша еңбекке шаруашылық туралы анықтама 094/у  
учетты форма.

Студенттердің, арнайы училищелерінің оқушылардың ауруы туралы, мектепке, мектепке дейінгі мекемеге баратын бала карантин кезінде уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама-095 /у

Науқас жанұя мүшесіне қарау туралы анықтама.

Бос формадағы анықтама

2000 жылғы 29 желтоқсаннан ҚР денсаулық сақтау агенттігінің №859 бұйрығына сәйкес „Азаматтарға уақытша еңбекке жарамсыздық парағын және анықтамасын беру ережелері, бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық экспертизасын орындаудың негізгі кезеңдері белгіленген. Олар келесі түрде белгіленген:

Еңбекке жарамсыздық парағы-медициналық, заңдық, қаржылық және әлеуметтік құжат.

Еңбекке жарамсыздық парақтың **медициналық маңыздылығы** - еңбекке жарамсыздықтың себебі болған ауруды анықтау, науқасқа емді және режимді тағайындау. Жұмыстан босатудың өзі денсаулықты жақсартатын емдік шаралардың бірі болып саналады.

Еңбекке жарамсыздық парақтың **зандық функциясы** науқасты жұмысқа шықпауын тіркейді.

Ауруханалық парақ мемлекеттік **әлеуметтік** сақтандыру қаржысынан жәрдем ақы алуға құқық береді.

Еңбекке жарамсыздық парақтың әлеуметтік функциясы-ол уақытша еңбекке жарамсыздық пен ауруға шалдығу туралы мәлімет беретін жалғыз құжат болып табылады.

Еңбекке жарамсыздық парағы-еңбекке жарамсыздығын дәлелдейтін, босануға байланысты жұмыстан босататын және жәрдем ақы алуға, бала асырап алған әйел жәрдем ақы алуға құқық беретін құжат.

Уақытша еңбекке жарамсыздық парағы мен анықтамаларының бланктері қатаң бақыланады.

Емдік алдын-алу орындарында экспертизаның өту жағдайы бас дәрігерлер, олардың орынбасарлары және бөлімше бастықтары қадағалайды.

Жарамсыздық парағын себепсіз берген немесе беруден бас тартқан, оны дұрыс толтырмаған дәрігерлер заң бойынша жауапқа тартылады.

Бұл парақшадағы емделу мекемесінің қолданылуы / заполняется врачом остается в лечебном учреждении

**ЕҢБЕККЕ УАҚЫТША ЖАРАМСЫЗДЫҚ ПАРАҒЫ / ЛИСТ О ВРЕМЕННОЙ НЕТРУДОСПОСОБНОСТИ**

**АЛҒАШҚЫ - ЖАЛҒАСЫ / ПЕРВИЧНЫЙ - ПРОДОЛЖЕНИЕ**

Серия БА № 9987326

(Еңбекке жарамсыз адамның тегі, аты және әкесінің аты / фамилия, ияи и отчество нетрудоспособного)

(Дәрігердің тегі / фамилия врача)

(Мекен жайы / домашний адрес)

Сирхатнаманың №  
№ истории болезни

(Қызмет орны - кәсіпорының немесе мекемесінің атауы / место работы - наименование предприятия или учреждения)

Берілді  
Выдан

(күн, айы, жаны / число, месяц, год)

20 .. ж.

(Алушының қолы / расписка подателя)

**ЕҢБЕККЕ УАҚЫТША ЖАРАМСЫЗДЫҚ ПАРАҒЫ / ЛИСТ О ВРЕМЕННОЙ НЕТРУДОСПОСОБНОСТИ**

**АЛҒАШҚЫ - ПАРАҚТЫҢ ЖАЛҒАСЫ / ПЕРВИЧНЫЙ - ПРОДОЛЖЕНИЕ ЛИСТКА**

№ .....

Серия БА № 9987326

(тіптісінің атын сызу / соответствующее подчеркнуть)

(емделу мекемесінің атауы және мекен жайы / наименование и адрес лечебного учреждения)

Емделу мекемесінің мөрі /  
Печать лечебного учреждения

Берілді  
Выдан

(күн, айы / число, месяц)

20 .. ж.

Хаж -10 коды

(Еңбекке уақытша жарамсыз адамның тегі, аты, әкесінің аты / фамилия, имя, отчество временно нетрудоспособного)

Жасы  
Возраст (толық жасы / полных лет)

(Қызмет орны - кәсіпорының не мекемесінің атауы, лауазымы / место работы - наименование предприятия или учреждения, должность)

Ер / Муж. Әйел / Жен.

(тіптісінің атын сызу /  
соответствующее подчеркнуть)

Хаж -10 коды / Код МКБ-10

Қорытынды Хаж-10 коды / Заключительный Код МКБ-10

(қазақ не орыс тілінде / на казахском или русском языке)

Еңбекке уақытша жарамсыздықтың түрі көрсетіліп (ауру, жаракаттар мен ұланулар, жүзегісіз жасамыз ұсу, ұлғыз баланы өсіріп алу, карантин, науқасты күту, санаториялық-курорттық емделу, босануға дейінгі кезең босанудан кейінгі демалыс).  
Указать вид временной нетрудоспособности (заболевание, травмы и отравления, искусственное прерывание беременности, усыновление/удочерение ребенка, карантин, уход за больным, санаторийно-курортное лечение, родовая или послеродовая отсука).

Күтім жасау бойынша демалыс кезінде ХАЖ-10 бойынша науқастың жағдайы, диагнозы көрсетіліп, карантин бойынша доғалыс кезінде ХАЖ-10 бойынша карантинді тұлғалармен қуудың атауы көрсетіліп.  
При отпуске по уходу указать возраст больного и диагноз по МКБ-10, при отпуске по карантину указать название заболевания по МКБ-10, вызвавшего карантин.

Санаториялық-курорттық емделу кезінде жолдама мерзімінің басталатын және бітпін уақыты көрсетіліп / при санаторно-курортном лечении указать дату начала и окончания срока путевки

РЕЖИМ	Режимді бұзушылық туралы белгі / Отметки о нарушении режима
Стационарда болды / Находился в стационаре	Дәрігердің қолы / Подпись врача
20 .. ж. .... 20 .. г. .... 20 .. ж. .... 20 .. г. дейін	МӘС-ға жіберілді / Направлен на МСЭ
Уақытша басқа жұмысқа ауыстырылды / Перевести временно на другую работу	Дәрігердің қолы / Подпись врача
20 .. ж. .... 20 .. г. .... 20 .. ж. .... 20 .. г. дейін	Қуыландырылды / Освидетельствован
Бас дәрігердің қолы / Подпись главного врача	Сараптама қорытындысы / Экспертное заключение
	МӘС - тік мөрі / Печать МСЭ
	МӘС бөлімі бастығының қолы / Подпись начальника отдела МСЭ

**ЖҰМЫСТАН БОСАТЫЛУ / ОСВОБОЖДЕНИЕ ОТ РАБОТЫ**

Кай күннен бастап / С какого числа (күн, айы / число, месяц)	Кай күнді қоса алғанда қай күнге дейін / По какое число включительно (күн мен айы жазумен / число и месяц прописью)	Дәрігердің қызметі мен тегі / Должность и фамилия врача	Дәрігердің қолы / Подпись врача

**ЖҰМЫСҚА КІРІСУ / ПРИСТУПИТЬ К РАБОТЕ**

(күн мен айы жазумен / число и месяц прописью)

Жана парақ берілді (жалғасы) / Выдан новый лист (продолжение) № .....

(дәрігердің қызметі, тегі, қолы / должность, фамилия и подпись врача)

Емделу мекемесінің мөрі /  
Печать лечебного учреждения

ЕМДЕУ МЕКЕМЕСІНІҢ ДӘРІГЕРІ ТОЛТЫРАДЫ - ЗАПОЛНЯЕТСЯ ВРАЧОМ ЛЕЧЕБНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ

Сирпаттык паранын орнына берген не катар толтырганы ушун дептердег акцидлингалары не кызыкты жаванка тартылды.  
 Енбекке жарамсыздык паранын бланкылары акша кужаттары есебин сакталуу тиле.  
 Түрпүрлөккөн есен беруге тиле.  
 За неправоулыну выдату или неправильное выполнение значительного листа врач привлекаются к дисциплинарной или уголовной ответственности.  
 В парасходованиян бланков листков нетрудоспособности врач должен отчитываться в установленном порядке сначей корешков выданных листков.

## ДЭПТЕРДІН ЕСІНЕ / К СВЕДЕНИЮ ВРАЧА

Бөлiм / отдел ..... (киспорилынын немесе мекеменин атауы, ийнеменование предприятия или учреждения) Таб. / Таб.№ .....

Турақты, уакытша, маусымды жумыс (тигисісін асты сызылсын). Жумыс істемеді 20... ж ..... дан 20... ж ..... дейін

Работа постоянная, временная, сезонная (нужное подчеркнуть). Не работал с ..... 20... г. по ..... 20... г.

Енбекке жарамсыз уакытындагы демалыс күндері ..... Жумыска кірісті 20... ж ..... дейін

Выходные дни за период нетрудоспособности ..... (күнi - дата) К работе приступил с ..... 20... г.

Мастердiн немесе цех (бөлiм) бастыгынын колы ..... Табелшiнiң колы ..... Күнi .....  
 Подпись мастера или начальника цеха (отдела) ..... Подпись табельщика ..... Дата .....

Жердемакы тагайындау жөнiндегі комиссиянын шешiмi / Решение комиссии по назначению пособия ..... 20... ж/г.

Хаттама / Протокол № ..... Азамат / Гражданин(ка) ..... Жердемакы тагайындалды / Назначено пособие:

Енбекке уакытша жарамсыздыгы бойынша мөлшерiнде / По временной нетрудоспособности - в размере ..... % / за ..... жумыс күнiне / рабочих дней

Жүктiлiгi және босанганы бойынша мөлдерiнде / По беременности или родам - в размере ..... % за ..... жумыс күнiне / рабочих дней

Жердемакы берiлмейтiн болды, себебi / В пособие отказано по причине .....

Өндiрiсте мерт болуу туралы акт / Акт о несчастном случае на производстве от ..... 20... ж / г. № .....

Комиссия баскармасынын немесе жауапты адамнын колы / Подпись председателя комиссии или ответственного лица .....

### ЖАЛАҚЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА - СПРАВКА О ЗАРАБОТНОЙ ПЛАТЕ

Айлықақы / Месячный оклад ..... тенге / тенге. Орташа күндiк жалақы / Средний дневной заработок ..... тенге / тенге.  
 Барлық жағдайларда нақты табыс сомаларына мыналар қосылмайды: мерзімнен тыс жұмыс қоса атқару үшін төлемдер мен біржолғы төлемдер.  
 Во всех случаях в сумму фактического заработка не включаются: плата за сверхурочную работу, за совместительство и единовременные выплаты.

Айлар / Месяцы	Жумыс күндерінің саны Число рабочих дней	Нақты табыстың сомасы Сумма фактического заработка	Орташа күндiк нақты табыс Средний дневной фактический заработок	Екі айлық қызметке не екі тарифтік ставка сомасына қарай есептегенде, орташа күндiк табыс Средний дневной заработок, исходя из суммы двойного месячного оклада или двойной тарифной ставки
			Т	Т
			Т	Т

Ауырған кезінде 20... ж ..... 20... ж. дейін басқа жұмысқа ауыстырылғанда ..... күн ішіндегі табысы ..... тенге болды

При переводе во время болезни на другую работу с ..... 20... г. по ..... 20... г. заработок за ..... дней составил ..... тенге

Тіесілі жердемакы - причитающееся пособие

Кай уакыттан кай уакытка дейін С какого и по какое время	Неше күнге За число дней	Жалақысына % жердемакынын мөлшері Размер пособия в % к зарплате	Күндiк жердемакынын мөлшері, тенге, тиымыс Размер дневного пособия в тенге и тиын	Берiлуге тиісті сома Сумма к выдаче	Басқа жұмысқа ауысқан кездегі табысын есептегенде берiлуге тиісті сома Сумма к выдаче с учетом заработка при переводе на другую работу

..... айының төлеу ведомосіне кіргізілген / включено в платежную ведомость за ..... месяц  
 (бас (аға) бухгалтердiн колы / подпись главного (старшего) бухгалтера)

Табелшiнi толтырады  
Заполняется табельщиком

Жердемакы тагайындау жөнiндегі  
комиссия толтырады  
Заполняется комиссией по  
назначению пособия

Коспорилынын немесе мекеменiн бухгалтерисең (сези аяғуу бөлiм) толтырады  
Заполняется бухгалтерией (расчетной частью) предприятия или учреждения



## Еңбекке жарамсыздық парақты толтыру және беру ережелері:

1. Жарамсыздық парағы мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде толтырылады.
2. Парақты беретін емдік алдын-алу мекемелері оның бетін толтырады. Екінші беті тек қана жәрдем ақы берілгенде толтырылады. Парақ бетіндегі «Еңбекке жарамсыздық парағы» атауының астынан «біріншілік» не болмаса «жалғасы» сөздерінің асты сызылады. Содан кейін емдеу мекеменің аты және мекен-жайы, парақ беру күні, тегі, аты, әкесінің аты және сақтандырылғанның жұмыс орнын және емдік мекемесінің мөрі қойылады.
3. «Еңбекке жарамсыздық түрлері» кестесіне парақ берілу себебі белгіленеді.

4. Егер жарамсыздық парағы босанумен байланысты берілсе- босану уақыты белгіленеді, науқасқа қарауға байланысты- науқас адамның жасы және диагнозы, карантин бойынша- карантин шақырған ауру, санаторлы-курортты емге-жолдаманың басталу және аяқталу мерзімін белгілеу қажет.

5. «режим» графасында науқасқа тағайындалған режим белгіленеді (төсектік, амбулаторлы, ауруханалық және т.б.). Міндетті түрде дәрігермен тағайындалған режимді бұзу оқиғалары белгіленеді: алкоголь қабылдау, тағайындалған емді қабылдамау, дәрігерге қаралуға белгіленген мерзімде келмеу, дәрігердің рұқсатынсыз басқа жерге кетіп қалу т.б

**6.** Егер түберкулезге немесе мамандық ауруына байланысты науқас адам басқа жұмысқа уақытша ауыстырылатын болса, онда бұған арналған графада ауыстыру мерзімі және бас дәрігер қолы қойылады. Басқа жұмысқа белгілі бір уақытқа ауыстырылу мерзіміне жарамсыздық парағының жалғамасы беріледі.

**7.** Егер ауыстырылу мерзімінің аяғында науқас әлі еңбекке жарамсыз болып қалса, онда уақытша жұмысының соңынан келесі күнінен бастап жарамсыздық парағының жаңа жалғамасы беріледі.

8. Уақытша жарамсыздық туралы анықтаманы бергенде, медициналық құжатта жазып және арнайы журналға тіркейді. Анықтама емдеу мекемесінің мөрімен және анықтаманы беруші дәрігердің қолымен белгіленеді. Жарамсыздық парағын беру санағы жарамсыздық парақтар тіркеу кітабында белгіленеді. Егер жарамсыздық парағын жоғалтып алатын болса, онда парақты берген емдік-алдын-алу мекемесі дубликат береді. Ол үшін жоғалған парақ бойынша жәрдемақы берілмегендігі жайлы жұмыс орнынан анықтама беріледі. Дубликаттың сыртына үстіңгі бұрышына «дубликат» деген белгі қойылады.

## Еңбекке жарамсыздық парақта белгілеуді қажет ететін режим бұзулар туралы

Режимді бұзғаны жайлы арнайы графада белгілейді.  
Режим бұзу түрлеріне жатады:

1. Дәрігермен тағайындалған немесе ауруханалық парақта берілген режимді бұзу. Мысалы: төсектік режим тағайындаған науқастың үйде болмауы.
2. Дәрігердің кезекті қабылдауына уақытында немесе мүлдем келмеуі, сонымен бірге ДКК немесе МӘЭК (МСЭК)-ке уақытында келмеуі.
3. Дәрігерге мас түрінде келу.
4. Жұмысқа дәрігердің рұқсатынсыз шығуы, себебі бұл денсаулыққа нұқсан келтіруі мүмкін.
5. ДКК рұқсатынсыз басқа елді мекенге кету.

## **Дерттерге және жарақаттарға байланысты еңбекке жарамсыздық парағы мен анықтамасын беру:**

1. Еңбекке жарамсыздық парағы кез-келген жұмыс атқарылған адамдарға беріледі. Жұмыстан шығарылғандарға парақ берілмейді;
2. Жәрдем ақы алатын жұмыс істемейтіндерге уақытша еңбекке жарамсыздығы жайлы анықтама беріледі;
3. Еңбекке жарамсыздық парақтарын азаматтарға беруге құқығы бар емдік алдын-алу мекемелері береді;
4. Емдеуші дәрігері жоқ елді мекендерде еңбекке жарамдылық парағын орта буынды медициналық қызметкері беруге құқылы. Оны жұмысшылар тізімі мен ауруханалық парақтарды беруге болатын мерзім белгіленген денсаулықсақтау органдарының бұйрығы негізінде береді;

5. Еңбекке жарамдылық парағы науқас дәрігермен қаралған соң және жұмыстан уақытша босатуды дәлелдейтін медициналық құжатта арнайы жазбамен бекітілген соң ғана беріледі;

6. Уақытша еңбекке жарамдылық парағы мен анықтамасы еңбек ету қарсы көрсетілсе немесе жүргізілген емге кері әсері болса, жіті және созылмалы ауруларда, жарақаттарда беріледі;

7. Еңбекке жарамдылық парағы ауруға немесе жарақатқа байланысты еңбек етуге жарамдылығы орнағанша немесе МӘСК-пен мүгедектік орнатылғанша бүкіл кезеңге беріледі;

8. Амбулаторлы-емханалық мекемелерде жарамсыздық парағы еңбекке жарамсыздық орнатылған күні беріледі;

9. Емдеуші дәрігер жарамдылық парағын (анықтамасын) бір рет 3 күннен артық емес беруге құқылы. Тұмаудың өршуі кезінде денсаулық сақтау мекемелерінің бұйрығы бойынша 6-күнге), ал жалпы санағанда берілген ауру немесе жарақатқа байланысты 6 күннен артық емес берілуі тиіс. Жарамсыздық парағын 6-күннен артық мерзімге ұзартуды емдеуші дәрігер ДКК-ның төрағасымен, не бас дәрігермен, не емдеу жұмыстары бойынша бас дәрігердің орынбасарымен бірге орындай алады. Ауру ағымы ұзақ болса, дәрігерге қаралу 10 күнде бір рет орындалады;

10. Туберкулез, психикалық және тері-венериялық дерттерде жарамсыздық парақтары арнайы емдеу мекемелерінің дәрігерлерімен беріледі;

11. Стационардан шыққан, бірақ уақытша еңбекке жарамсыз болып қалатын науқастарға амбулаторлы-емханалық мекемеге келуге, не үйге дәрігерді шақыртуға, не қайту жолына, т.б. себептері бойынша 4 күннен аспайтын еңбекке жарамсыздық парағының (анықтамасының) жалғасы беріледі;



12. Ұзақ ауыратын науқастарды негізгі ауруы үзіліссіз ағатын болса-4 айдан кем емес, ал егер арасында еңбекке жарамсыздықтың үзілістері немесе ұқсас аурулары болса-6 айдан кем емес, жалпы санағанда соңғы 12 ай ішінде МӘЭК-ке жіберілуі тиіс.

Жағымсыз клиникалық және еңбектің болжамы бар, мүгедектік белгілерімен науқас аталған мерзімдерден ертерек, яғни еңбекке жарамсыздық уақытына байланыссыз МӘЭК-ке жіберіледі.

13. Алшақтанған метастаздарымен (диссеминациямен), немесе көрші мүшелерге терең өсіп келетін, ағзаның әлсіреуімен жүретін қатерлі ісіктің IV сатысында еңбекке жарамдылық парағы 6 айға дейін ұзартылып, ары қарай МӘСК-ке жібереді;

14. Түберкулезге байланысты еңбекке жарамсыздық кезінде, науқас МӘЭК-ке жарамдылық пайда болған күннен 8-айға дейін жіберіледі. Егер түберкулез алғаш рет анықталса және клинико-еңбектің болжамалы жағымды болатын науқастарға еңбекке жарамдылық парағы 10 айға дейін беріледі;

15. Егер МӘЭК тұжырымы бойынша науқас мүгедектікке жатпаса, онда еңбекке жарамдылық парағы ДКК арқылы ұзартылады, бірақ 2 айдан артық емес;

16. Егер мүгедектік орналатын болса, еңбекке жарамдылық парағы мүгедектік тобы тағайындалған күні (МӘЭК-тің құжаттары келген күні) жабылады. Науқастың себепсіз МӘЭК уақытында келмеген жағдайда, жарамсыздық парағында режимді бұзу жайлы белгі қойылады, «Жұмыстан босатылу» кестесінде босатқан күндер кірмейді және мүгедектің орнатылу күні болып науқастың МӘЭК-ке келу күні болып саналады. Денсаулық жағдайы нашарлап кеткен жұмыс істейтін 1 және 2 топ мүгедектері ауырған күнінен 2 ай кем емес уақытында МӘЭК-ке жолданады.

17. Өндірісте, жұмысқа барар жолда, тұрмыста алған жарақаттарға байланысты еңбекке жарамдылық парағы еңбекке жарамдылығының алғашқы күнінен беріліп және жағдайына сәйкес мерзімі ұзартылады;

18. Здравпунктерде 3 күнге дейінгі жарамсыздық парағы дәрігермен ғана беріледі. Фельдшер (мед.бике, акушерка) здравпункте анықтаманы беріп, жұмыстан өзінің кезегінің аяғына дейін босатуға құқылы. Дәрігерге жолдамаалатын болса, здравпунктен алынған анықтама еңбекке жарамсыздық парағына алмастырылады. Егер дәрігер науқасты еңбекке жарамды деп шешсе, еңбекке жарамсыздық парағытек фельдшер босатқан сағаттарына ғана беріледі.

19. Іс-әрекеттің бақылауының бұзылуымен сипатталатын психикалық дерттерде, егер науқас уақытында медициналық көмекке жүгінбесе, онда өткен күндер үшін еңбекке жарамсыздық парағы психоневрологиялық диспансердің ДКК шешімі бойынша (бас дәрігер мен дәрігер –психиатр) беріледі.

20. Егер уақытша еңбекке жарамдылық тұрақты тұрғын жерінен және жұмыс орнынан тыс жерде пайда болса (командировкада, демалыс үйлерінде т.б.), жарамсыздық парағы уақытша тұрғын жеріндегі емдік-алдын алу мекемесінің бас дәрігерінің келісімімен беріледі.

# Жүктілікке және босануға қатысты уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру:

1. жарамсыздық әйелге жүктіліктің және босанудың бүкіл мерзіміне беріледі. Босану үйлерінен баланы асырап алған азаматтарға баланың туған күнінен елу алты күн өткенше беріледі.

2. Жүктілікке және босануға қатысты уақытша еңбекке жарамсыздық парағын акушер-гинеколог, ол болмаса, қабылдауды жүргізуші дәрігер мен бөлімше меңгерушісі (бас дәрігер) бірігіп 30-шы аптасынан бастап босануға дейін жетпіс күнге, босанудан соң елу алты күнге (асқынған босануда және екі және одан көп балаға босануда-босанудан соң жетпіс күнге) беру құқылы.

3. Ядролық сынаққа шалдыққан елді мекендерде өмір сүретін әйелдерге уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары жүктіліктің 27-ші аптасынан 170 күнге қалыпты босануда және 184 күнге асқынған босануда және екі одан да көп балаға босанғанда беріледі.

## **Баланы күтуге (бала мүгедек) байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру:**

1. 14-жасқа толмаған баланы күтуге байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық парағы ереже бойынша күтуге қажет мерзімгі, бірақ 10 күннен артық емес, беріледі және ұзартылады. Егер бала ары қарай ауыра берсе және 10 күннен соң да күтуді қажет етсе уақытша еңбекке жарамсыздық анықтамасы беріледі

2. Стационарлық емде жатқан балаға дәрігер шешімі бойынша күтім қажет болса, уақытша еңбекке жарамсыздық парағы әке-шешесіне, не басқа азаматтарға беріледі, егер олар балаға күтім жасаса:

3. 3 жасқа дейінгі балалар емделгенде-бүкіл стационарлық емдеу кезеңіне;

4. 3 жастан үлкен балалар ауыр дертпен сырқаттанса дәрігер шешімімен бала күтіміне қажет мерзімге;

5. Иммуножетіспеушілік вирусымен жұққан 14 жасқа дейінгі балаларды емдегенде-стационарда жатқан бүкіл мерзіміне.



## **Карантин кезінде уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру:**

Жұқпалы аурумен қатынаста болған немесе бактерия- тасымалдауына байланысты жұмыстан уақытша босататын ауруханалық парағын дәрігер-эпидемиолог, не дәрігер-инфекционист, не емдеуші дәрігері береді. Жұмыстан босатылу мерзімі осындай инфекциялық аурумен ауырған және қатынаста болған тұлғаға арналған мерзімдерге сәйкес.

## Уақытша еңбекке жарамсыздықтың бағдарлы мерзімі:

науқастың еңбекке қабілеттілігін қайтаруға мүмкіндік беретін, бұзылған функцияның қалпына келтіру мақсатында этиопатогенетикалық немесе симптомдық емді амбулаториялық-емханалық жағдайда өткізуге қажет уақыт.

Егер науқаста бағдарлы уақыт ішінде еңбекке жарамдылығы қалпына келмесе, емдеуші дәрігер немесе клинико-эксперттік комиссия диагностиканың сапасына, емнің адекваттылығына, дұрыстығына, реабилитацияның нәтижелігіне экспертиза өткізу тиіс.

Клиникалық және еңбектік болжамы жағымсыз болса, науқас адамға емнің жалғастыруы немесе мүгедектік тобын тағайындау жөнінде сұрақтарды шешуге МСЭК-на жіберіледі.

- Қазіргі уақытта әр түрлі дерттермен науқас адамдардың уақытша еңбекке жарамсыздығын анықтау үшін ортақ нұсқау жоқ.
- Дәрістерде уақытша еңбекке жарамсыздық орташа мерзімдері ҚР мен Ресейдің медициналық стандарттарына сәйкес берілген.

## Еңбекке жарамсыздықты тұрақты жоғалту экспертизасы

Еңбекке жарамсыздықтың тұрақты бұзылуы - аурумен, жарақатпен немесе анатомиялық дефектпен байланысты функционалды және органикалық бұзылыстардың тұрақты болып, негізгі мамандығы бойынша толық немесе жартылай ұзақ немесе тұрақты мерзімге жұмыс атқаруына бөгет ететін ағза жағдайы.

Тұрақты еңбек шартын анықтау өте қиын және жауапты акт. Бұған денсаулық сақтау мүшелері және әлеуметтік қамсыздандыру мүшелері (МӘЭК) қатысады. Алғашқылары мүгедектіктің белгілерін анықтап, екіншілері оны заңды түрде растайды. Емдік аурухана мекемесінің дәрігерлері тұрақты еңбекке жарамсыздық экспертиза мәселесінде білімді болуы керек, оны уақытында анықтап, МӘЭК-ке жіберу мәселесін және еңбектің қажетті шектелуін, дәрежесін, құжаттарды дұрыс және ақпаратты толтыруында шешімдер қабылдай алуы керек.

## **МӘӘК негізгі мақсаттары:**

Мүгедектікті және еңбекке жарамсыздықты жоғалту дәрежесін анықтау, олардың себебінің, ұзақтығының пайда болу уақытын, қосымша көмекпен күтуде қажеттілігін нақтылау;

Мүгедектерді жеке бағдарлама реабилитация жоспарларын дайындау, медико-әлеуметтік көмекті көрсететін мекемелерге көмек көрсету, олардың жұмысын бақылау.

# МӘӘЖ негізгі қызметтері:

- Мүгедектікті және еңбекке жарамсыздықты жоғалту дәрежесін анықтау, олардың себебінің, ұзақтығының пайда болу уақытын, қосымша көмекпен күтуде қажеттілігін нақтылау;
- Азаматтарға санаторлы-курортты емнің, қосымша тамақтанудың, күтудің, қосымша дәрілердің, науқастарды күту құралдарының, қосымша техникалық құралдармен арнайы қозғалу құралдарының қажеттілігін анықтау;
- Мүгедек адам қайтыс болған жағдайда ҚР-ның заңы бойынша көрсетілген қайтыс болғанның жанұясына жәрдемақыны төлеу себебін анықтау;
- Мүгедектердің жеке реабилитация жоспарын құру және коррекциялау; медициналық, әлеуметтік, мамандық реабилитация бойынша шаралардың түрін, формасын, мерзімін және көлемін анықтау; өткізілетін реабилитациялық шараларды орындалуын периодты түрде бақылау, динамикалық бақылау; өткізілген шаралардың әсерлігін анықтау;

# Науқасты МӘЭК жіберуге қажет себептер:

науқас адамда мүгедектігінің белгілері;

уақытша еңбекке жарамсыздықтың мерзімі ұзақ болса;

жағдайының, еңбекке жарамсыздықтың өзгеруімен байланысты науқаста мүгедектік тобын өзгертуге және МӘЭК еңбектік нұсқауларын өзгертуге қажет болса;

Егер дәлелдейтін мағлұматтар болса, мүгедектіктің себебін өзгерту қажеттілігі;

Жұмыс орнында денсаулығына нұқсан келтіріп алған жұмысшының еңбекке жарамсыздық дәрежесін анықтау; бұл жұмыс істейтін мекемеге келтірілген зақым орнын толтыру көлемін, т.б. жәрдемақы төлеуге тағайындау үшін керек. МӘЭК-на жолдаманы емдік алдын алу мекеме береді. Науқастарды МӘЭК-на жолдауға арнайы тәртіп және реабилитациялық шараларды орындаған соң қаралады.

# Медико-әлеуметтік экспертизаға жолдау тәртібі

1. МӘЭК-ға жарақат, дерт, дефект нәтижесінде ағза функциясының тұрақты бұзылысы азаматтар (соның ішінде 18жасқа дейін) жолдама алады.
2. Дертпен, жарақатпен және дефектпен байланысты ағза функциясының бұзылуын дәлелдейтін емдік, диагностикалық реабилитациялық шаралардан соң медициналық мекемелер 4 айдан артық емес мерзімге уақытша еңбекке жарамсыздық экспертизасын өткізіп, көрсеткіштер болса, азаматтарды (соның ішінде 18-жасқа дейін) медико-әлеуметтік экспертизаға жібереді.
3. Медициналық зерттеудің, медико-әлеуметтік экспертизаға жолдаудың уақыттылығын және негізделу сапасы үшін сәйкес медициналық мекеменің басшысы жауап береді.
4. МӘЭК-ға жолдама (088/у) дұрыс емес, сапасыз толтырылатын болса, құжат медициналық мекемеге қайтарылады.



# Куәландіру тәртібі

Медико-әлеуметтік экспертиза жолдама бойынша, тұрғын жері бойынша келесі құжаттармен орындалады:

1 айдан кем емес медико-әлеуметтік экспертизаға жолдама (088/у форма);

жеке бас куәлігі;

тұрғын жері жайлы мәліметтер;

амбулаторлы карта;

еңбек ету жайлы мәліметтер.

## Қосымша құжаттар:

1. мамандық еңбекке жарамдылығын жоғалтқан жағдайда Н-1 формасы бойынша еңбек етумен байланысты денсаулыққа нұқсан келтірілу немесе апат жөнінде акт; Ұлттық еңбек гигиенасымен мамандық аурулар орталығының, немесе мамандық аурулардың клиникасының 2-жылдан кем емес тұжырымдамасы;
2. жалпы еңбек жарамдылықты жоғалтуда-міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінде қатысы бар екендігін дәлелдейтін құжат;
3. ауруға не жарақатқа байланысты болған мүгедектің себебін анықтағанда құқықты мүшелердің ауру, жарақат, дефект себебі жайлы берілген құжаты;
4. 18-жасқа дейінгі тұлғалардың тәрбиелеу, білім беру түрін және формасын анықтауға көрсеткіштер қажет болса-психолого-медико-педагогикалық кеңестің қорытындысы.

## Қайта куәландіріусіз мүгедектік мерзімі орнатылатын жағдайлар

1. кері қайтпайтын анатомиялық дефекті бар болса (3-ші ұсынысқа сәйкес);
2. ағза функциясының тұрақты, кері қайтпайтын өзгерістері мен бұзылыстарында, өткізілген реабилитациялық шаралардың нәтижесіздігінде, 1-ші топ мүгедекті 4-жылдан кем емес динамикалық бақылағанда, 2-ші және 3-ші топ мүгедектігі алты жылдан кем емес, жағымсыз реабилитациялық болжамы бар зейнеткерлерге.
3. Аймақтық бөлімшенің эксперттік қорытындысы құжат түскен күннен 1 айдан кем емес беріледі. Эксперттік қорытындының берілгендері МӘЭК актқа және хаттамадан журналға жазылады, оларға бастықтық, аймақтық бөлімнің бас маманының қолы және мөрі қойылады.

## **МӘӘЖ-ні өткізу үшін анықталатын себептер:**

1. жалпы дерттер;
2. еңбек еткен кезде алған зақымдар;
3. мамандық аурулар;
4. кішкентайынан мүгедектік;
5. әскери іс-қимылдарға ұатысуға байланысты, әскери қызметін өтегенде, әскери қызметті өткенде, әскери қызметін өтеуіне байланыссыз алған жарақаттар, контузиялар, жарақаттанулар сәйкес мүшелермен себебі анықталған кезде ;
6. Экологиялық жағдайға, соның ішінде иондаушы сәуленің әсері және оның салдарынан туындаған дерттерге сәйкес мүшелермен себебі анықталған кезде.

# Жалпы ауруына байланысты мүгедектік

Жалпы ауру мүгедектіктің жиі себебі болып табылады. Ол еңбек ету кезінде және жоғарғы және орта оқу мекемелерінде, әр түрлі курстарда, аспирантураларда, ординатураларда еңбек ету қабілетінің төмендеуіне әкелген дерт пайда болса орнатылады. Бұл дерт оқу, жұмыс орнының, мамандықтың зияндықтарымен байланысты емес.

## Еңбек өткенде алған заңдылыққа байланысты мүгедектік

Мүгедектіктің себебі ретінде, егер ол өндіріспен немесе тұрмыспен тура немесе жанамалы байланыс бар және өндірісте кездейсоқ апат ретінде сипатталған жағдайда орнатылады. Мүгедектік себебін анықтау үшін МӘЭК өндірістегі зақымды растайтын келесі құжаттар алады: «Өндірістегі кездейсоқ апат туралы акт» (форма №1), профсоюз инспекторының қорытындысы немесе сот анықтамасы.

Бұл құжаттарда берілген патология мен өндірістегі кездейсоқ апат арасында байланысты табатын маман-эксперттік қорытындысы бар құжатта болады. Кездейсоқ апат нәтижелігі еңбектік зақым әр түрлі сипатты болуы мүмкін: механикалық немесе термиялық, химиялық, сәулелі энергия әсері, айқын эмоциональды қозу (психикалық жарақат), т.б.

## Мамандық ауруға байланысты мүгедектік

- **Мамандық ауру** - мамандығына байланысты ағзаға өндірісте ұзақ және жүйелі түрде әр түрлі зиянды әсерлердің нәтижесінде пайда болатын дерт.
- Мүгедектік беріледі, егер мамандық фактор аурудың дамуындағы жалғыз себебі болса. Мысалы, мал дәрігерлердегі бруцеллез. Сонымен қоса мамандық дерттерге еңбек етудің қолайсыз жағдайларының нәтижесінде пайда болған зақымданулар да жатады. Мысалы, тоңазытқыш жұмыскерлеріндегі эндоартериит (шартты-мамандықты). Мамандық емес ауруларға байланысты мамандық аурудың асқынуы кезінде де мүгедектік беріледі.

## Кішкентайынан мүгедек

16-жасқа дейінгі жасөспірімдерде (оқушыларға 18-жасқа дейінгі) бұл жасқа дейін немесе жұмыс істегенге дейін балада ауру пайда болса оған мүгедектік тобы қарастырылады. Бұл мүгедектік құрылысы әр қилы және ересектерден ерекшелінеді. 1-ші орында туа сала пайда болған және генетикалық негіздегі аурулар жатады, ал соматикалық аурулар аз орын алады



## Бұрынғы әскери қызметкерлердегі мүгедектік

1. Мүгедектікпен әскердегі қызмет арасында себептік байланыс орнатылады, егер әскердегі қызмет кезінде аурудың болғанын растайтын немесе әскери жағдайды куәландыратын құжаттар болғанда. Бұрынғы әскери қызметкердің мүгедектігі әскери қызметпен байланыстырылады, егер ол пайда болса:
2. әскери қызметі кезінде
3. әскери қызметтен босағаннан кейін 3 айдан кем емес
4. контузияға, жарақатқа немесе ауруға байланысты демабилизациядан соң 3 айдан кем емес.

## Ағза функциясының негізгі бұзылудың және өміршендіктің шектелуінің жіктелуі

1. Адам ағзасының функциясының негізгі бұзылысының жіктелуі:
2. ағзаның психологиялық бұзылуы (қабылдау, көңіл-бөлу, есте сақтау, ойлау, эмоция, ерік т.б.);
3. сенсорлық функциясының бұзылуы (көру, есту, иіс сезу, сипап сезу);
4. стато-динамикалық факторлардың болуы;
5. қанайналым, тыныс алу, асқорту, зат және энергия алмасу, ішкі секреция факторларының бұзылуы.
6. Ағза функциясының айқындылық дәрежесі бойынша жіктелуі:
7. бірінші дәреже-айқын емес функция бұзылыстары;
8. екінші дәреже-айқын емес функция бұзылыстары;
9. үшінші дәреже-айқын емес функция бұзылыстары;
10. төртінші дәреже-айқын емес функция бұзылыстары;

11. Өміршендіктің негізгі категориясының жіктелуі:
12. өзін-өзі күте алу-негізгі физиологиялық қажеттіліктер бойынша өзбетімен орындау, күнделікті тұрмыста, жеке гигиенада қажеттілікті орындай алу қабілеті;
13. өз бетімен қозғала алу-кеңістікте өздігінен қозғалу, кедергілерді өте алу, дене тепе-теңдігін тұрмыстық, әлеуметтік, мамандық қызметін орындағанда ұстай алу қабілеті;
14. оқи алу-білімді алу және пайдалану (оқу, мамандық т.б.) белгілі дағдыларды қолдана алу (әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық) қабілеті.
15. Еңбек ету-жұмыстың мақсаты, құрамы және шарттары бойынша еңбек ете алу қабілеті;
16. Бағдарлау-кеңістікте және уақытта бағдарлану қабілеті.
17. Қарым-қатынасқа түсу- ақпаратты қабылда, өңдеу, шығару жолымен адамдар аралас қарым-қатынасты орнату қабілеті.
18. өз іс-әрекетін бақылау-әлеуметтік құқықтық нормаларға сәйкес өз-өзін бағалай білу және адекватты қимылдау қабілеті.

19. Өлімшіліктің шектелуінің айқындылығы бойынша жіктелуі:
20. өзін-өзі күте алу:
21. бірінші дәреже- өзін-өзі қосымша заттар көмегімен күте алу;
22. екінші дәреже- қосымша заттар және басқа адамдар көмегімен өзін-өзі күте алу;
23. үшінші дәреже- өзін-өзі күте алмау және басқа адамдардан толық тәуелді болса;
24. Өз бетімен қозғалысының шектелуі:
25. Бірінші дәреже-ұзақ уақыт ішінде және жол ұзақтығының шектеліп өз бетімен қозғалу.
26. Екінші дәреже- қосымша заттар мен басқа адамдар көмегімен өз-бетімен қозғалу қабілеті.
27. Үшінші дәреже-өз бетімен қозғала алмау және басқа адамдарға толық тәелділік;
28. Оқуға шектелу қабілеті:
29. Бірінші дәреже арнайы оқу режимі бар жалпы типті оқу орындарында немесе қосымша заттар, басқа адамдар көмегімен оқи алу қабілеті.
30. Екінші дәреже- арнайы оқу орындарында немесе үйде арнайы жоспар бойынша оқи алу қабілеті;
31. Үшінші дәреже- мүлдем оқи алмау;

- еңбек ету қабілетінің шектелуі:
- бірінші дәреже – квалификацияның төмендеуі немесе өндірістік қызмет көлемінің азаюы жағдайында, өз мамандығы бойынша қызметін атқара алмауға байланысты еңбек ету қабілетінің шектелуі;
- екінші дәреже- еңбек ету үшін арнайы қызмет ету жағдайылары бар орындарды немесе қосымша заттармен басқа адамдардың көмегін қажет ету.
- Үшінші дәреже- еңбек ете алмау;
- бағдарлау қабілетінің шектелуі:
- бірінші дәреже- қосымша заттар көмегімен бағдарлау;
- екінші дәреже-басқа адамдардың көмегімен бағдарлау;
- үшінші дәреже- дезориентация
- қарым-қатынасқа түсу қабілетінің шектелуі;
- бірінші дәреже-ақпаратты қабылдау, өңдеу, шығару көлемі мен жылдамдығының шектелуімен сипатталады;
- екінші дәреже-қосымша заттар мен басқа адамдар көмегімен қарым-қатынасқа түсе алу;
- үшінші дәреже- қарым қатынас түсе алмау.
- Өз іс-әрекеттерін бақылай алмау қабілеті.
- Бірінші дәреже-өз іс-әрекетінің жартылай бақылай алмау;
- Екінші дәреже-өз іс әрекетін басқа адамдардың көмегімен толық немесе жартылай бақылай алу.
- Үшінші дәреже-өз іс-әрекетін бақылай алмау.

Назарларыңызға  
рахмет!